

«07» АҚПАН 2020 ЖЫЛЫ  
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ҚОРДАЙ АУДАНЫНДА  
ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСТЫ  
«НАҚ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ  
(НАЛЫҚҚА АДАЛ ҚҰЗМЕТ)

«НАҚ» қозғалысы қақтығыста мерт болған азаматтардың отбасына және жақындарына көңіл айтады және жарақат алғандардың тез арада сауығып кетуіне тілектес.

НАҚ қозғалысы негізсіз және ақылға қонымсыз зорлық-зомбылық қаупіне қарсы. Біз, этникалық фактормен ұштастыра отырып адамдардың өміріне және мүлкіне қол сұғылғаны үшін кінәлілердің жан-жақты объективті түрде анықталуы, әшкереленуі және әділ түрде жазалануы қажет екеніне сенімдіміз.

Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Қазақстанның дұнған диаспорасына жасалған ойрандау әрекетін құптамаймыз. Барлық азаматтарды ұлтаралық араздықты болдырмау үшін тиісті шараларды қабылдауға шақырамыз.

Республикамыздың билігінен, осы өрескел және қайғылы оқиғаның шұғыл түрде жан-жақты және барынша объективті тексеру жұмыстарын қамтамасыз етуін, оның ішінде өзінің әрекеттерімен немесе әрекет етпегендігінен тікелей немесе жанама түрде осы жағдайға жеткізген тұлғалардың табылуын және барлық кінәлілердің, олардың ешбір мәртебесі, дәрежесі, лауазымы, бұрынғы жасаған қызметіне қарамастан заңға сай қатаң түрде жазалануын талап етеміз.

Билікен, осы оқиғаға қатысқан барлық тұлғалардың ісіне құқықтық баға беру және квалификациялау мақсатында, бүкіл фактілерді анықтау үшін қажетті шараларды қамтамасыз етуін, сондай-ақ барлық адекватты ықпал ету шараларын қабылдауын талап етеміз.

Сонымен қатар, «НАҚ» қозғалысы осы қайғылы оқиғаның орын алуына жол ашқан факторлар жиынын белгілей отырып, төмендегі ақпаратты ұсынады:

1. Қазақстан соңғы кездері этникалық мәнге ие қақтығыстар туралы жаңалықтардың жиі таралатын ошағына айналуы. 2014 жылдан бері осындай фактілер көпұлтты және қайғы мен қасіретке толы ұлы даламызда жыл сайын орын ала бастады.

Қазақстан халқының этникалық белгілер бойынша бөлінуі жылдан-жылға айқын көрініс алуы. Қазақстанның әрбір ұлты жылдар бойы өзінің моноэтникалық оңашаланған жабық өмірін сүруде. Халықтың жалпы жоқшылыққа ұшырауы кезеңінде, әсіресе бизнес бағытында, бақкүндестік және кез-келген этникалық оңашалану ұлтаралық қақтығыстардың шығуына себеп болады. Бір ұлттың өкілдерінің басқа бір ұлт өкілдеріне қарағанда жағдайының төмен болуы, біріншілердің ызасын туғызады. Биліктің көзіне көрінбей тұрған, алайда ұлтаралық араздыққа әкеп соғатын алғышарттар, осы биліктің жүргізіп отырған сәтсіз ұлттық және ұлтаралық саясатының нәтижесі, нақты айтсақ бұл саясаттың мүлдем болмауында деп санаймыз.

Президент әкімшілігі тарапынан бейресми қолдау көріп отырған қолданыстағы ұлттық-патриоттық риторикалар біржақты сипатқа ие. Күннен күнге: «қазақтардың басына түскен қиыншылығына қазақтардан басқа барлығы, яғни Қытай, Ресей, өзбектер, қырғыздар, шешендер, армяндар және өзге ұлттар кінәлі» деген түсінік артып барады. Мұндай қате риторика қазақ халқының білім деңгейі төмен ортасында кеңінен етек жаюы ықтимал, бірақ бұл ой келешекте қазақтардың және еліміздің дамуына үлкен кері әсерін тигізері анық. Масылдық көңіл-күйді дәріптеу және еліміздің өркендеп дамуы үшін ұлт ретінде өзіне жауапкершілік алмау: «тонағанды тона және байлардың мүлігін тартып ал» люмпен ойдың қалыптасуына алғышарт жасайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының сәтсіздігі де жоғарыда айтылғандарды дәлелдейді.

Қордай ауданында орын алған жағдай Қазақстан халқы ассамблеясының көпжылдық қызметінің тек имитациялық сипатта болғанын, сонымен қатар оның тиімсіз және бутафориялық құрылым екенін көрсетті. Ассамблеяның бар «пайдасы» - билікке тиімді шешімдерді актілеп және мақұлдап отыру.

**СОНДЫҚТАН:**

- Орын алған қайғылы оқиға мен ұлтаралық сенімнің бұзылғаны үшін, Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Республикасының ПМ, Жамбыл облысының әкімі, сондай-ақ қоғамның идеология және коммуникация саласында қызмет атқарып отырған басшылардың түгелі тез арада көпшілік алдында кешірім сұрауы және барлық лауазымы, регалиялары мен жеңілдіктерінен айырылып, отставкаға кетуі тиіс.

- Қазақстан халқы ассамблеясының қызметін тиімсіз, ештеңеге қауқары жоқ ұйым деп танып, осы ұйымды қайта ұйымдастыру, реформалау немесе тарату қажет.

- Барлығымыз бір Қазақ елінің халқымыз, сондықтан қазақ халқы полиэтникалық өкілдері бар біртұтас ел деген ұғымды енгізе отырып, ұлттық бірегейлік пен ұлттарды дамыту стратегиясын қайта қарап шығу немесе жаңа стратегия қабылдау

Біздің ортақ отанымыз, ортақ жеріміз, ортақ болашағымыз бар!

2. Бұл оқиғаның шығу себептерінің бірі, ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық негіздерінің болуы деп санаймыз. Біздің пікірімізше, өкінішке қарай, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық олардың болмысының ажырамас бөлігіне айналған.

(Шетелде тұратын этникалық қазақ сол мегаполистің ең үздік полиция қызметкері танылады да, ал Қазақстанда полицияға білім беру мекемесінің басшыларының бірі ішкі істер органының қазіргі уақытта банда деген атаумен барабар екенін ашықтан ашық айтуына қалай жеттік?)

**СОНДЫҚТАН:**

- ПМ қызметкерлері арасында агрессивті және тиімді түрде өз қатарларындағы сыбайлас жемқорлық фактілеріне мүлдем шыдамдылық танытпау саясатын жүргізу қажет; «Полиция» сөзі «парақор» сөзінің синонимы болуын доғару қажет.

- «ПМ рефомасы үшін» азаматтық бастаманы басшылыққа ала отырып Ішкі істер органдарын кешенді түрде реформалау.

3. Полиция мен мемлекеттік территориялық әкімшіліктің біріге отырып жаппай тәртіп бұзушылыққа қарсы әрекеттерінің біліктілігі төмен және қарсы тұруға қауқарсыз екені айдан анық көрінді. Полиция мен әкімшілік тәуелсіздік алынған жылдан бері азаматтардың билікке деген нарызылығын өз конституциялық құқықтарын жүзеге асыра отырып ашық түрде білдіру қабілетін «керемет» түрде төмендете білді, алайда халыққа төніп тұрған қауіптің алдын алуды немесе шұғыл арада және тиімді түрде қауіп ошақтарын бейтараптандыруды сол күйі үйрене алмады. Аталмыш факті құқықтық тәртіпті қорғау жүйесінің өзін-өзі тазарту және дамыту тұрғысында белсіз екенін көрсетті. Тәжірибеге сүйенер болсақ, Қазақстанның тұрғындары, дәл осы қауіпсіздік қызметін ұйымдастыру жүйесінде, қазір және болашақта күтпеген криминалды апаттардың немесе бүлік шығарушы топтың иелігіне қалады. Сонымен қатар ескеретін жайт, ішкі істер органдарына бюджеттен бөлінетін қаржыландыру Қазақстанның Қарулы Күштерін, білім беру саласын, медицинаны, мәдениетті және ғылымды қаржыландыруды қоса алғандағы соманы әлдеқайда асып түседі.

#### СОНДЫҚТАН:

ПМ-нің жаппай тәртіпсіздікке жауап қайтару жүйесін қайта қарау қажет. Әсіресе шалғайдағы және ауылды жерлердегі жүйе қатаң түрде қолға алынуы тиіс.

4. Біздің ойымызша болған оқиғаға, эгоисттік ниетін жүзеге асыруда ешқандай құралдардан тайсалмайтын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық сенімді әлсіздендіруге және тіпті жоюға бағытталған мақсаты бар, тікелей немесе жанама түрде ішкі немесе сыртқы деструктивті күштердің де ықпалы болуы мүмкін.

#### СОНДЫҚТАН:

- ҰҚК, ПМ, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық іс-қимыл агенттігіне, осы оқиғаны зерттеп, оның шығуына түрткі болған жағдайға құқықтық тұрғыда баға беру үшін ешқандай кедергісіз ақпараттарды жинау мақсатында Қордай ауданында 2020 жылдың 1-ші және 10-шы ақпанында (қажет болған жағдайда тексеру мерзімін ұзарту) орын алған оқиғалардың мән-жайын жан-жақты, толық және кешенді тексеруін тапсыру қажет.

- Тексеру қорытындысы бойынша жоғарыда аталған органдардың есебін, қалаған қоғамдық өкілдердің қатысуына шек қоймай, ашық парламенттік отырыста тыңдау. Егер жоғарыда аталған органдардың комиссиясы есеп беру барысында, парламент мүшелері мен кез-келген азаматтардың, әсіресе Қордай ауданындағы дұнған дисапорасы өкілдерінің

сұрақтарына жауап бере алмаса, онда комиссияның құрамындағы барлық лауазымды тұлғалар қызметтік орындарынан шендерінен төмендітелі отырып кетуі тиіс.

Қазақстанның басшы лауазымында отырған тұлғалар түгелдей шындыққа және Қазақстан халқына тіке қарап, ұлттық (және өзге де саладағы) саясатының және Қазақстан халқы ассамблеясын құрудың сәтсіздікке ұшырағанын мойындайтын кез келді.

Оған қоса, 30 жыл бойы жасаған саясаты үшін және осы саясаттың нәтижесінде келешекте көретін салдары үшін жауапкершілікті мойындаруына алуы тиіс!

Өлім кез-келген аурудың бетін ашады!

Біздің ортақ отанымыз, ортақ жеріміз, ортақ халқымыз бен ортақ болашағымыз бар!

HAQ #HalyqqaAdalQyzmet

08/02/2020